



МҰРАТ- ҚАЗАЛЫ

№7
(2282)
Сенбі
25 қаңтар
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕУІ ТИІС

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен өткен мәжілісте «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын іске асыру мен IT-экспортты дамыту мәселелері қаралды. Онда күн тәртібіндегі мәселелер кеңінен талқыланып, қала, кент және ауылдық округ әкімдері мен сала жетекшілеріне нақты тапсырмалар жүктелді.

- Қазіргі таңда заманауи технологиялар қарыштап дамып, барлық салалар заман талабына сай цифрлық жүйелерге ауысуда. Осыған сәйкес елімізде азаматтардың жасанды интеллектті пайдалану тетіктерін енгізуде нақты шаралар қабылдануда. Бізде осы бағыттағы жұмыстарды күшейтіп, жасанды интеллектке баса мән беруіміз керек. Әсіресе білім саласына жасанды интеллект тақырыбын



қосып, жастарды оның мүмкіндіктерін пайдалануға оқыту, насихаттауға жұмыс істеуіміз керек, - деді аудан басшысы.

Жиында аудан әкімі бытыр еліміз бойынша Мемлекет басшысының ба-

стамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында ауқымды жұмыстардың атқарылғандығын атап өтті. Бұл жұмыстар биылда жалғасып, қоршаған ортаны

таза ұстау, туған жерімізді көгалдандыру, абаттандыру тұрғындардың күнделікті әдетіне, өмір салтына айналуы тиіс екендігін айтты. Елімізде бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жүйелі түрде жалғастыру үшін «Экологиялық мәдениетті дамытудың 2029 жылға дейінгі өңірлік жоспары» бекітілгенін әңгімелеп, осының негізінде қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне іс-шаралар жоспарын бекітіп, жыл көлемінде жоспарға сәйкес санитарлық тазалық, абаттандыру, көркейту, көгалдандыру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу жөнінде тапсырма берді.

Мәжілісте күн тәртібінен бөлек басқа да өзекті мәселелер қаралап, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктелді.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛДЫҢ АКТИВ ЖИЫНЫ ӨТТІ

«AMANAT» партиясы Қазалы аудандық филиалының актив жиыны өтті. Мәжіліске арнайы облыстық филиалдың Атқарушы хатшысы Ләйлә Бегалықызы Төрешова қатысты.

Актив отырысын жүргізген партия филиалының төрағасы Ғазиз Әліш «AMANAT» партиясы жаңа сапалық деңгейде нақты әрі нәтижелі жұмыстарды жүргізіп жатқанын айтып, аталған бағыт бойынша аудандық партия филиалымен қолға алған шараларды және 2024 жылы атқарылған жұмыстарды баяндады.

«Өткен жылы партияның сайлауалды бағдарламасын ауданымызда іске асыру аясында бірқатар нысандар халық игілігіне табысталды. Абай аулына көгілдір отын қосылып, шалғайдағы «Кәукей» ауылында жаңа 100 орындық клуб жұмысын бастады. Әлеуметтік осал топтағы бірқатар азаматтарға көппәтерлі тұрғын үйлердің кілті табысталды. Мұнан бөлек, партия алаңындағы қоғамдық

қабылдауға тіркелген 715 өтініштің 78% оң шешімін тапты. Алдағы уақытта осы секілді нәтижелі жұмыстар белсенді жалғаса береді», - деді Ғазиз Әлмәмбетұлы.

Мұнан соң Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Әділбек Сарабеков пен «Орталық» бастауыш ұйымының төрағасы Совет Бабанаев өткен жылда атқарылған жұмыстарды баяндаса, партия атынан ұсынылып сайланған Әйтеке би кентінің әкімі Әліби Әбиев сайлауалды бағдарламасының орындалуы туралы хабарлама жасады.

Өз кезегінде облыстық партия филиалының Атқарушы хатшысы Ләйлә Төрешова сайлаушылардың талап-тілегіне негізделген партия жұмысының жеті басымдығына тоқталды.

«Сайлауалды бағдарлама - бұл біздің халық алдындағы уәдеміз. Партияның өңірлік сайлауалды бағдарламасын әзірлеу барысында әрбір



сайлаушының талап-тілегі ескеріліп, жасалды. Сондықтан бұл құжатта қамтылған әрбір тармақтың орындалуы өте маңызды. Осы негізде партия халықтың сеніміне ие болып, нақты әрекеттер арқылы өз міндеттемелерін орындауға дайын екенін көрсетеді», - деді Ләйлә Бегалықызы.

Партиялық актив отырысын қортындылаған партия филиалы Саяси кеңесі Бюросының мүшесі, партия ардагері Самұрат Имандосов жиынға қатысушыларды еліміздің ұзақ мерзімді мүддесіне сәйкес, партияның барлық ресурстарын біріктіріп, белсенді түрде жұмыс істеуге шақырды.

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫДЫҚ ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ 2024 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН БРИФИНГ

Қазалы ауданының прокуроры Дарын Әбіш 2024 жылы қадағалау саласында атқарылған және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар жөнінде баспасөз өкілдерімен кездесу өткізді.

Брифинг ретінде өткізілген кездесуде бірінші кезекте қылмыстылық жағдайы әңгіме болды.

Қазалы аудандық прокуратурасының қадағалауының нәтижесінде 2024 жылы жалпы тіркелген қылмыстар алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,5%-ға (134-тен 132-ге) төмендеді.

Атап айтқанда, аса ауыр қылмыстар 90%, ауыр қылмыстар 10%, орташа қылмыстар 23,7%, адам өлтіру 75%, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру 80%, зорлау 66,7%, ұрлық 14,3%, соттылығы жойылмағандармен жасалған қылмыстар 50%, көмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар 47%, қоғамдық орында жасалған қылмыстар 18%-ға төмендеген.

Десекте, ауданымызда интернет алаяқтық 175%, топ-пен жасалған қылмыстар 16%, есірткі қылмыстар 25% өскен.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев соңғы екі жылдағы Қазақстан халқына Жолдауларында әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жазаны қатаңдатуды тапсырған болатын.

Президент тапсырмасын орындау мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, 15 маусым 2024 жылдан бастап күшіне енді.

Яғни, бұрын денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру және ұрып-соғу деректері бойынша әкімшілік жауапкершілік көзделсе, Заң күшіне енгеннен кейін бұндай жағдайлар үшін қылмыстық жауапкершілік көзделді.

Қолданылған профилактикалық шаралар нәтижесінде 2024 жылы аталған санаттарда 19 сотқа дейінгі тергеп – тексеру басталғанымен (ҚК-нің 108-1-бабымен – 9, 109-1-бабымен – 10), жалпы қылмыстылықтың өсуіне жол берілмеген.

Қылмыстылықтың алдын-алу бағытында бірқатар шаралар қолданылды.

Нақтыласақ, 2024 жылы аудандық прокуратурасының бастамасымен құзырлы және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен қылмыстылықтың алдын-алу бағытында 2 ведомствоаралық жедел мәжілістер өткізіліп, атқарылуға тиіс іс-шара жоспарлары бекітілді, оның ішінде облыстық



прокуратурасымен әзірленген «Қылмыссыз өңір - кемел келешек болашағы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық», «IT TERGEU» және «Смарт браслет» жобалардың іске асырылуына ерекше назар аударылды.

Мысалы, 2024 жылдың 12 қыркүйегінде өткізілген жедел мәжіліс қортындысы бойынша 17 тармақтан тұратын іс-шара жоспары бекітіліп, оның орындалуы бақылауға алынды.

Бұдан бөлек облыстық прокуратурасы бастамасымен былтыр 30 қазан күні өткізілген Үйлестіру кеңесінің аясында, Қазалы ауданында «Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция» іс-шарасы басталды.

Осы тақырыпта 6 қыркүйек күні Қазалы ауданының әкімі, ҰҚҚД Қазалы ауданы бойынша бөлімшесінің, аудандық полиция бөлімінің, аудан көлеміндегі дербес бөлім басшыларының, кент, қала және ауылдық округ әкімдерінің, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысуымен мәжіліс өткізіліп, 12 тармақтан тұратын іс-шара жоспары бекітілді.

«Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция» аясында аудандық прокуратурасының бастамасымен былтыр 14 қыркүйек күні Әйтеке би кентінде орналасқан Роза Бағланова атындағы (600 орындық) мәдениет орталығының мәжіліс залында кеңейтілген түрде форум өткізілді.

Форумда көмелетке толмағандар арасында нашақорлықтың алдын алу және есірткіге қарсы иммунитет қалыптастыру, есірткінің алдын алу бағытындағы мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар ұйымдастыру керектігі түсіндірілді.

Жиында есірткінің түрлері мен олардың зияны туралы арнайы шақырылған Қызылорда облысы бойынша сот-сараптамалары институтының бас сарапшысы Ф.Алиев баяндама жасап, бүгінгі күні есірткінің 160-қа жуық түрлерінің бар

екенін атап айтып, кеңінен түсіндірмелер беріп, есірткінің құрбаны болмауға шақырды.

Өз кезегінде Қазалы көп бейінді орталық ауруханасының нарколог-психиатр дәрігері Б.Тілеумбетов есірткінің адам ағзасына зияндығы туралы мағлұматтар берді.

Сондай-ақ, есірткінің айналымына қатысты арнайы дайындалған бейне роликтер көрсетіліп, есірткі қылмысының түрлері мен жауапкершіліктері жөнінде мағлұматтар берілді.

Бұдан бөлек қоғам дертіне айналған нашақорлықпен күресу бағытында барлық әлеуметтік желілер мен ауданда орналасқан «Led» экрандарда арнайы әзірленген 5 бейнеролик көрсетіліп, жариялануда («Ситуация» чатына жолданды).

Адамдар көп шоғырланатын жерлерде жаднама тартылып, арнайы билбордтар орнатылып, халық арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу барысында есірткіні жарнамалайтын 18 сайт пен бейнероликтер бұғатталды, сондай-ақ есірткіні жарнамалау фактісі бойынша ҚК-нің 299-1-бабы 2-бөлігі 4-тармағымен 1 қылмыстық іс тіркелді.

Әлеуметтік-экономикалық салада атқарылған қадағалау жұмыстарының нәтижесінде 16 850 (439 кәсіпкер, 16 410 азаматтар мен 1 инвестор) азаматтардың құқықтары қорғалып, мемлекетке 54,5 млн. теңге өндіріліп, 2 050 гектар жер мемлекетке қайтарылды.

Аудандық прокуратураның жүргізілген тексеру жұмыстарының нәтижесінде «Бірлік» ауылдық округі әкімдігінен 6 млн. теңге қаражаттың жымқырылғаны анықталып, ҚК-нің 189-бабының 2-бөлігі 3-тармағымен қылмыстық іс тіркеліп, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен жүргізілген

тергеу нәтижесі бойынша, қылмыстық іс ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігі 11) тармағына сәйкес, яғни құқық бұзушы қайтыс болуына орай ақталмайтын негізінде өндірістен тоқтатылды.

Сондай-ақ жүргізілген тексерумен мұғалімдердің 4 жалған диплом алу деректері анықталып, ҚК-тің 385 бабымен тиісті шешімдер қабылданды.

Сонымен қатар, аудан халқының тұрмыстық қалдықтарға артық қаржы төлеу дерегі анықталып, Қазалы аудандық мәслихатының тарифтерді бекіту туралы заңсыз шешімі бұзылып, жалпы тарифтер 36,12 теңгеге төмендетілді.

Ұсыну нәтижесімен тарифтің бағасы 36,12 теңгеге азайды. (жайлы үйде тұратын адамдар үшін 210,35 теңгеден 193,93 теңгеге (16,42 теңге), ал жайлы емес үйлерде тұратын адамдар үшін 252, 42 теңгеден 232,72 теңгеге (19,7 теңге) қысқартылды.

Бұл ретте тұрмыстық қатты қалдықтың тасымалдау қызметін пайдаланатын 11 959 тұрғын мен 65 кәсіпкердің құқықтары қорғалды.

Сала бойынша енгізілген 29 прокурорлық қадалау актісі негізінде 330 тұлға жауапкершілікке тартылды (123-тәртіптік, 207-әкімшілік), оның ішінде 1 аудан әкімінің орынбасары, 4-бөлім бастығы, 9-ауылдық округінің әкімдері, 1-колледж директоры және 13-мектеп директорлары.

Бүгінгі күні қадағалау аумақта 3 инвестициялық жобаны іске қосу үшін тиісті жұмыстар жүргізілуде, аудандық прокуратурамен бақылауға алынған 1 инвестициялық жоба сүйемелденді.

Атап айтқанда, Қазалы ауданы аумағында «Бисенәлі Ж.Н.» ЖК-мен инвестициялық жобасының бастапқы құны 300 млн. теңге болатын наубайхана мен қоймалардың құрылыс жұмыстарының құжаттарын рәсімдеуге кіріскен.

Құжаттарын рәсімдеу барысында әкімшілік тарапынан инвестордың уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын негізсіз ұзартпағаны анықталды.

Бұл ретте Қазалы аудандық прокуратурасымен анықталған бұзушылықтар бойынша Қазалы ауданының әкімдігіне ұсыну енгізіліп, инвестордың уақытша өтеулі жер құқығын табысталған 1 гектар көлеміндегі жер учаскесін игеру мерзімі 1 жылға ұзартылды.

Алимент берешегі бойынша сот орындаушылардың өндірісінде борышкерлердің берешек қарызы қалыптасқан 20 млн. теңге құрайтын 35 атқару құжаты орындауда.

509 балаға қатысты 448 атқару құжаты болып, оның 76 балаға қатысты 60 атқарушылық өндірісі аяқталып, қазіргі таңда 449 атқару парағы орындалу сатысында.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – БАСТЫ НАЗАРДА

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы басты назар оның алдын алуға, мемлекет пен қоғам күшін сыбайлас жемқорлықты ба-рынша азайту жолына ұштастыруға бағытталған. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тура-лы» Заңы қабылданып, мемлекет тарапынан бұл бағыттағы іс шаралар дәйекті-деректі негізде жүзеге асы-рылып келеді. Мемлекеттің жаңа саяси бағытына сәйкес жасалған стратегиялық бағдарламаларда сыбайлас жемқорлықтың ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіретінін ескеріп, мемлекет пен қоғамды осы келеңсіз құбылыспен күресте күш-жігер біріктіруге жұмылдыруды көздейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғаммен өзара тығыз жұмыс істеу, қоғамдық мүдделердің басымдығына бағытталған қазіргі заманғы мемлекеттік басқарудың барлық жүйесінің іргетасы болып та-былады. Бұл ашықтық, адалдық, әдептілік, заңдылық, әділдік, рухани тұрақтылық сияқты құндылықтарды біріктіретін кешенді ұғым.

Қазіргі таңда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ту-ралы» заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіптік кешендегі Мемлекеттік инспекция комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспек-циясында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы Заңын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың қатаң көрсетілген талаптарды қатаң сақтау қажеттілігі жөнінде тиісті іс-шаралар атқарылуда.

Инспекцияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті наси-хаттау, мемлекеттік қызметшілер тарапынан қоғамдық індеттің ал-дын алу шаралары жүзеге асы-рылып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әдептілік, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасын сақтау, сы-байлас жемқорлық іс-қимылдардың зияндылығы, оны қабылдауға қарсы пікірлер қалыптастыру қажет. Ұжымда салалар бой-ынша сыбайлас жемқорлыққа

қарсы атқарылған іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихаттау мақсатында медиа жоспар әзірленіп, аудандық басылымдарда мақалалар жа-рияланып тұрады. «Антикор» жо-басы аясында инспекцияның атқарылған жұмыстары бойынша тікелей эфирлер өткізіліп, сыбай-лас жемқорлыққа қарсы жүргізілген шаралардың нәтижесін әлеуметтік желілер «Фейсбук» арқылы жария-лау қолға алынған.

Мекеме ғимаратында азаматтардың арыз-шағымдарын қабылдау жәшігі орналастырылған, арнайы 21-7-60 сенім телефоны жұмыс істейді. Қазақстан Республи-касы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі баршаға көрінетіндей жерге ілінген. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне» сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштері қаралып, тиісті уақытында жауабы беріледі.

Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық, аудандық (қалалық) аумақтық инспекцияларында Әдеп жөніндегі уәкілдің 2025 жылдың І-жарты жылдығына арналған қабылдау кестесі ілінген.

Сыбайлас жемқорлықтың ал-дын алу мақсатында 2025 жылға жасалған іс-шара жоспарына сәйкес жергілікті құқық қорғау ор-гандары, «Аманат» партиясының аудандық филиалы, «Атаме-кен» кәсіпкерлік палатасы және «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпы ұлттық қозғалысы республикалық қоғамдық бірлестігі өкілдерін қатыстыра оты-рып сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық қабылдаулар, семинар – кеңес, дөңгелек үстелдер өткізу жо-спарлануда. Инспекцияда алдағы уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті насихаттау және оның алдын алу шаралары бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі.

Б.ДОСТЫБАЙ,
Қазақстан
Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешендегі
мемлекеттік инспекциясы
комитетінің
Қазалы аудандық аумақтық
инспекциясының
басшысы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің
Қазалы аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2025
жылы азаматтарды жеке қабылдау кестесі

Қабылдау жүргізетін басшының аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні	Қабылдау уақыты	Байланыс телефоны	Мекен-жайы
Достыбай Болат Қалиядинұлы	Инспекция басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні	сағат 15 ⁰⁰ -ден 18 ⁰⁰ -ге дейін	21-7-60	Әйтеке би кенті, Әйтеке би көшесі, №95 үй

ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ 2024 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН БРИФИНГ

(Соңы. Басы 2-ші бетте)

Атқару өндірісіндегі құжаттардың ішінде али-мент төлеуден қасақана жалтарған төрт борышкерге қатысты ҚК-нің 139-бабымен 4 қылмыстық іс тіркеліп, 3 борышкерге қатысты сот үкімі шықса, 1 борышкерге қатысты іс ақталмайтын негізінде қысқартылған.

Сондай-ақ, 20-борышкер ӘҚБТК-нің 669-бабының 1-бөлігімен әкімшілік жауапқа тартылды.

Ағымдағы жылы сот орындаушылардың өндірісінде мемлекет пайдасына қаржы өндіру санатындағы 138 млн. теңгені құрайтын 3,1 мың атқарушылық өндірістер болған.

Бүгінгі күнге мемлекет пайдасына 101 млн. теңге өндіріліп, өндіру тиімділігі 76,5% құраған.

Пробация қызметі бойынша 2024 жылы 87 адам тіркеуде болып, 78 сотталған есептен шығарылған.

Есептегілермен қайта қылмыс жасау орын алмаған, жұмыспен қамтудың орта көрсеткіші 96% құраған.

«Бизнес-бастау» жобасы аясында пробация есебінде тұрған 3 тұлғаға өзінің ұсынылған бизнес жо-басын іске асыру үшін 1 476 000 теңге қайтарымсыз грант бөлінді

- тұрақты жұмысы барлары-34 адам;
- өзін-өзі жұмыспен қамтығандар-31 адам;
- бала күтімімен отырғандар, оқитындар және тағы басқа – 12 адам;
- зейнеткер-1 адам;
- жеке кәсіпкер-6 адам;
- жұмыссыз азаматтар саны-3 адам;

Аудандық прокуратурасының бастамасымен Қазалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар және жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп пробация есебінде тұрғандарға қатысты 6 рет «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі» өткізілді.

Нәтижесінде 27 тұлға жалақысы 110 мың теңге бо-латын ақылы қоғамдық жұмысқа орналастырса, 35 тұлғаға құқықтық көмек көрсетілді.

Аудандық прокуратурамен аймағымызда заңдылықтың үстемділігін, азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуын және құқық бұзушылықпен күресуді қамтамасыз етуде жоғарғы қадағалауды жүзеге асыруға байланысты жұмыстар одан әрі жалғасын табатын болады.

Қазалы ауданы прокуратурасы

● **Хабарландыру**

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨСЕТУ

«Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалы ҚР-ның 2003 жылғы 9 шілдедегі №481 «Су кодексі», заңдар және басқа да НҚА негізінде қызмет көрсету аумағындағы тұтынушыларға таза ауыз су тасымалдау қызметін көрсетумен қатар, жеке тұрғындар үшін тұтынушылардың жеке меншігіндегі орталық ауыз суға қосылу нүктесінен бастап су есептегіш құралына дейінгі аралықтағы құбырына техникалық қызмет көрсету қызметін ұсынады. Бұл жұмыстар су таратушы ұйым мен тұтынушы арасындағы өзара келісім-шартпен реттеледі және жыл бойына небәрі 2500 теңгені құрайды.

Техникалық қызмет көрсету мыналарды қамтиды:

- Орталық су жүйесіне қосылу нүктесінен су есептегіш құралы аралығындағы құбырдың ақауларын жою;
- Орталық су жүйесіне қосылу нүктесіндегі тартып-реттегіш арматураға, крандарға ревизия жасау (майлау және тот басудан тазалау);
- Орталық су жүйесіне қосылу нүктесіндегі тартып-реттегіш арматураны, істен шыққан крандарды ауысты-ру;
- Орталық су жүйесіне қосылу нүктесінде және су есептегіш құралына дейінгі орнатылған сүзгілерді (фильтр) тазалау, қажет болған жағдайда ауыстыру;
- Су құбыры бойындағы көру құдықтарын қоқыстан және лайдан тазалау.

Абоненттің жеке меншігіндегі орталық ауыз суға қосылу нүктесінен бастап есептегіш құралына дейінгі аралықтағы құбырында апаттық жағдай орын алғанда техникалық қызмет көрсетуге келісім-шарты болмаса, қызмет құны әр орын алған апаттық жағдай үшін бөлек есептелетіндігін хабарлаймыз.

«Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі

Байланыс телефоны:
8 72 43 8 24-1-20

« Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры »
өндірістік бөлімшесі
Байланыс телефоны:
8 7 72 43 8 23-0-33

«ЕҢБЕКШІ КӨШІП КЕЛУШІЛЕРГЕ РҰҚСАТТАР БЕРУ, ҰЗARTY ЖӘНЕ КЕРІ ҚАЙТАРЫП АЛУ ҚАҒИДАСЫНА» СӘЙКЕС КӨРСЕТИЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТҮРІ БОЙЫНША ТҮСІНДІРМЕ

«Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган-халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ету бойынша функцияларды орындауға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекеме көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны электрондық (толық автоматтандырылған) қағаз түрінде. Өтініш түскен күнді есептемегенде рұқсат беру немесе ұзарту 2 жұмыс күні ішінде рәсімделеді.

Көрсетілетін қызмет алушы өтінішті www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы немесе migration.enbek.kz арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрінеді.

Көрсетілетін қызметті алушы паспорттық деректерді көрсетіп және біліктілігі, дағдылары мен жұмыс өтілі туралы мәліметтерді толтырып, тіркеуді migration.enbek.kz-да жүзеге асырады.

Migration.enbek.kz арқылы рұқсат алу үшін көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар тізбесінде көзделген өтініш пен құжаттарды жібереді.

Рұқсат көрсетілетін қызметті алушының рұқсатты беруге немесе ұзартуға арналған өтінішінде көрсетілген мерзімге беріледі және 1 (бір) айдан 12 (он екі) айға дейін болуы мүмкін. Еңбекші көшіп келушіге рұқсатты ұзартуды ескере отырып, ең ұзақ мерзім 12 (он екі) айдан аспайды.

Көрсетілетін қызметті беруші халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бөлген квота шегінде

рұқсат береді.

Ұзартуға өтініш күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес және еңбекші көшіп келушіге қолданыстағы рұқсат мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 5 күннен кешіктірілмей беріледі.

Өтініш қолданыстағы рұқсат мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктіріліп берілсе рұқсат ұзартылмайды.

12 (он екі) ай мерзімге рұқсат алған не ұзартуларды ескере отырып, рұқсаты 12 (он екі) айға жеткен көрсетілетін қызметті алушы қолданыстағы рұқсаттың мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 4 (төрт) күн ішінде жаңа рұқсатқа өтініш береді.

Рұқсат алған еңбекші көшіп келушіні тартатын жұмыс беруші еңбек шартын жасасу және тоқтату туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 23-бабы 2-тармағының 27) тармақшасында көзделген тәртіппен еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізеді не "hr.enbek.kz" веб-порталында еңбек шартын жасасады.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде еңбекші көшіп келушіге рұқсатты рәсімдеу үшін көрсетілетін қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынуы қажет: Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде

• шетелдік пен жұмыс беруші қол қойған еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру туралы өтініш;

• жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлемді төлеу туралы түбіртек;

• соңғы 12 айда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткені туралы белгісі бар төлқұжат;

• денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды (берілген күні 12 айдан аспайтын 028/Е нысанындағы медициналық анықтама);

• қолданылу мерзімі өтініште көрсетілген және "Бірыңғай сақтандыру дерекқоры"

автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тіркелген мерзімнен кем болмайтын жүктелген медициналық сақтандыру;

• жұмыс беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында жасалған Қазақстан Республикасында жұмыс берушімен еңбек шартын жасасу ниеті туралы келісім.

Рұқсат беруге www.egov.kz порталы немесе www.migration.enbek.kz арқылы жүгінген кезде

• еңбекші көшіп келуші мен жұмыс берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру туралы өтініш;

• жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем төленгені туралы түбіртектің электрондық көшірмелері;

• соңғы 12 айда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткені туралы белгісі бар төлқұжат;

• денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды (берілген күні 12 айдан аспайтын 028/Е нысанындағы медициналық анықтама);

• медициналық сақтандырудың электрондық көшірмесі;

• жұмыс беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында жасалған Қазақстан Республикасында жұмыс берушімен еңбек шартын жасасу ниеті туралы келісімнің электрондық көшірмесі.

Өтініш берушінің «Ұзарту» түріндегі қызметке байланысты қажетті құжаттар тізбесі: Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде

• жұмыс беруші мен шетелдік қол қойған еңбекші көшіп келушіге рұқсатты ұзарту туралы өтініш;

• жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем төленгені туралы түбіртек;

• соңғы 12 айда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткені туралы белгісі бар төлқұжат;

• қолданылу мерзімі өтініште көрсетілген және "Бірыңғай сақтандыру дерекқоры"

автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тіркелген мерзімнен кем болмайтын жүктелген медициналық сақтандыру;

• жұмыс беруші мен көрсетілетін қызметті алушы

арасында жасалған Қазақстан Республикасында жұмыс берушімен еңбек шартын жасасу ниеті туралы келісім;

Ұзартуға www.egov.kz порталы немесе www.migration.enbek.kz арқылы жүгінген кезде:

• еңбекші көшіп келушіге рұқсат ұзарту туралы өтініш;

• жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем төленгені туралы түбіртектің электрондық көшірмелері;

• соңғы 12 айда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткені туралы белгісі бар төлқұжаттың нотариат куәландырылған көшірмесі;

• медициналық сақтандырудың электрондық көшірмесі;

• жұмыс беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында жасалған Қазақстан Республикасында жұмыс берушімен еңбек шартының электрондық көшірмесі.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін болып табылатын негіздер:

• көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігі;

• көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидаларымен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

• жеке табыс салығы бойынша төлем болу аумағына сәйкес келмейтін мемлекеттік кірістер органдарына төленген;

• жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем сомасының сәйкес келмеуі;

• шетелдіктің азаматтығы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген елдердің тізімімен сәйкес келмеуі (Өзбекстан, Азербайжан, Тәжікстаннан басқасы);

«Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ

«Бірлік» ауылдық округі әкімінің жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау орны	Мекен –жайы	Байланыс телефоны
Өтеп-Әлі Өміртай Жалғасұлы	«Бірлік» ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі күні: сағат 09:00 – 13:00 ге дейін, Сәрсенбі күні: сағат 15:00 – 19:00 ге дейін, Жұма күні: сағат 09:00 – 13:00, 15:00-19:00 ге дейін	«Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қазалы ауданы, «Бірлік» ауылдық округі, «Бірлік» аулы, Тәуелсіздік көшесі, №13 «А»	25-3-14

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.